

ЖҮРГІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

тақырыбы: «Арамшөптердің дақыл өніміне кері әсерлері»
«Егіншілік» бағыты бойынша

Өткізу күні: «18 қараша» 2025 жыл


Кеңес беру өткізілген орын: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Бестам ауылдық округі, Тогызбаев көшесі, 36А үй, «Бестам елі» ЖШС

Эксперт: Көкөніс-бақша
және картоп дақылдарының
бөлім меңгерушісі,
ауылшаруашылығы
ғылымдарының
кандидаты, ҚР ҰАҒА мүшесі


Бегалиев Қ.Б.

Ы.Жақаев атындағы
Қазақ күріш шаруашылығы
ҒЗИ ЖШС
Басқарма Төрағасы




Тәуіпбаев С.Т.
қолы, М.О.

КЕҢЕС БЕРУ ЕСЕБІ

АРАМШӨПТЕРДІҢ ДАҚЫЛ ӨНІМІНЕ КЕРІ ӘСЕРЛЕРІ

I. Кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері

Арамшөптердің ауыл шаруашылық дақылдарына тигізетін кері әсері жыл сайын өнімнің төмендеуіне, шығындардың артуына және топырақтың ластануына әкеледі.

Танаптардағы арамшөптердің биологиялық құрамын, олардың таралу картасын және күрес тәсілдерін дұрыс анықтамау - өнім сапасы мен мөлшерінің төмендеуінің негізгі себептері.

Сыр өңірінде су тапшылығы жағдайында жер ресурстарын тиімді пайдалану, арамшөптермен күрес жүйесін дұрыс қалыптастыру және дақылдардың сорттық агротехникасын сақтау аса өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Арамшөптердің таралуына байланысты туындайтын негізгі проблемалар:

- мәдени дақылдардың өнімін 10%-ға дейін төмендетуі (әлемдік бағалау - жылына 20 млрд доллар шығын);
- топырақты ластау, аурулар мен зиянкестердің таралуына қолайлы орта қалыптастыру;
- топырақ өңдеуді қиындату, еңбек шығынын арттыру;
- тұқымдық материал сапасының төмендеуі;
- ауыспалы егістің бұзылуы және дақылдардың «арамдаушыға» айналуы.

II. Мәселені шешу жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен сарапшы ұсыныстары

Агротехникалық шаралар

Топырақ өңдеу жұмыстарын арамшөптердің ластану картасына қарай жоспарлау.

Жер айдау тереңдігін дұрыс анықтау - арамшөп тұқымдарының өну қабатынан тысқа шығуына әсер етеді.

Тұқым сапасы, сорт таңдауы, егу мерзімі мен нормалары шаруашылық агрономының қатаң бақылауында болуы тиіс.

Сыр өңірінде су тапшылығын ескере отырып, ерте және орташа пісетін сорттарды орналастыру ұсынылады.

Ауыспалы егіс жүйесін сақтау

Бір танапқа 2-3-тен артық сорт екпеу.

Тұқымның категориясы, репродукциясы және ылғалдылығы тұрақты бақылауда болуы шарт.

Тұқымдарды қоймада 1-2 класс деңгейінде сақтау.

Арамшөптердің биологиялық классификациясын қолдану

Арамшөптердің биологиялық топтары бойынша күрес шараларын таңдау жеңілдейді:

- паразитті және паразитті емес түрлер;
 - біржылдық, көпжылдық;
- тамыр атпалы, тамырсабақты, түйнекті, пиязшықты және т.б.

Гербицидтерді тиімді пайдалану

Гербицидтердің түрлері, әсер ету спектрі және қолдану мерзімі толық ескерілуі керек.

Ы. Жақаев атындағы Қазақ күріш ҒЗИ әзірлеген ғылыми ұсынымдар бойынша гербицидтерді пайдалану ұсынылады.

Норма мен мерзімді сақтау - экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Ұйымдастыру шаралары

Шаруашылық басшылығы мен агрономның технологиялық процестерді тиянақты қадағалауы.

Механикаландырылған жұмыстарды (жырту, тырмалау, егу, суару) сапалы жүргізу.

III. Ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже (сандық көрсеткіштермен)

Ұсынылған агротехникалық және гербицидтік шараларды қолдану нәтижесінде:

Өнімділік 12–18%-ға артады (арамшөп қысымының төмендеуіне байланысты).

Өнім шығыны 8–10%-ға дейін азаяды.

Топырақты өңдеуге кететін еңбек шығыны 15–20%-ға қысқарады.

Су тапшылығы жағдайында - ерте және орташа пісетін сорттар есебінен шығын 5–7%-ға азаяды, ал кіріс тұрақты деңгейде сақталады.

Гербицид нормасын дұрыс қолдану нәтижесінде экологиялық зиян нөлге жуықтайды.

